

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Нұсқау: Сізге берілген төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тапсырмалар беріледі.

1. Қорқыт атаның «Тәкаппарды Тәңірі сүймес» нақыл сөзімен үндес қазақ мақалы

- A) Айтылған сөз – атылған оқ.
- B) Менмендік – туған анаға да жақпас.
- C) Болған кісі болдым демес,
Болдым десе, болғаны емес.
- D) Ақылы жоқтың арманы жоқ.

2. «Аяз би» ертегісінде кездесетін кейіпкерлер қатары

- A) Бапы хан, Күнке
- B) Ерназар, Кенжекей
- C) Уәлі бай, Меңді қыз
- D) Бапы хан, Меңді қыз

3. «Қыз Жібек» жырындағы Қаршығаның іс-әрекеті

- A) Төлегенді байлап, Сырлыбай алдына алып келеді.
- B) Қыз Жібекті Төлегенге көрсетпекші болады.
- C) Қыз Жібекті өзіне жар етпекші болады.
- D) Төлегенді өлтіріп, еш адамға сездірмей жүре береді.

4. Есім ханның жырауы, кеңесшісі, ықпалды билерінің бірі

- A) Жиёмбет
- B) Шалкиіз
- C) Ақтамберді
- D) Үмбетей

5. Шалкиіздің Би Темірге берген кеңесі

- A) Халқыңа әділ бол, Жауыңа қатал бол!
- B) Бірлікте бар қасиет, Татулық болар береке...
- C) Жаманға сырыңды қосып сөз айтпа...
- D) Қылмасын жұрт келеке, Араз болсаң алты ауыз...

6. Махамбеттің философиялық лирикаға жататын өлеңі

- A) «Арқаның қызыл изені»
- B) «Қызғыш құс»
- C) «Мұнар күн»
- D) «Әй, Махамбет, жолдасым!»

7. Шоқан Уалихановтың Ыстықкөл сапары туралы жазылған еңбегінің жанры

- A) күнделік
- B) роман
- C) хикая
- D) әңгіме

8. Ыбырай Алтынсаринге қатысты ақпарат

- A) Семей кітапханасында түрлі тақырыптағы кітаптармен танысады.
- B) Құлжа қаласында болып, Жоңғария тарихымен шұғылданады.
- C) Торғай бекінісінен бір сыныптық мектеп ашады.
- D) 1905-1906 жылдары қажылық сапармен Меккеге барады.

9. *Би, болысты тәңірі атты,*

Ел қорғауға жарамай.

Ағайынды еңіретті,

Көз жасына қарамай.

Жамбыл Жабаевтың 1916 жылғы оқиғаға қатысты өлеңі

- A) «Жаныс ақынға»
- B) «Атаның әлдиі»
- C) «Патша әмірі тарылды»
- D) «Сұраншы батыр»

10. С.Сарғасқаевтың «Тәмпіш қара» повесінде қабырға газетіне үнемі өлең жазып беретін кейіпкер

- A) Бейсекүл
- B) Ертай
- C) Шаншатай
- D) Иманбек

11. *«Алыстан арбалап материал тасымаймын, архивтің шаңын жұтпаймын. Жақыннан өз басымнан кешкенді, өзім байқап-түйгендерімді, өз айналамды дорбалап жинаймын. Бір сөзбен айтсам: өзін жазатын жазушымын. Мінез-құлық жағынан Қожа өзге емес, менің өзіме ұқсайды».* Пікірдің авторы

- A) Б.Сокпақбаев
- B) М.Мағауин
- C) Ә.Тәжібаев
- D) С.Мұратбеков

12. М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасының эпилогы

- A) Аққулардың көлден біржола кетуі
- B) Анасының баласы үшін аққуды атуы
- C) Аққулы Жетімкөлдің тамаша табиғаты
- D) Емшінің анаға қойған талабы, шарты

13. М.Әуезовтің «Көксерек» шығармасындағы мейірімді бала

- A) Қасым
- B) Бейсембай
- C) Жұмаш
- D) Құрмаш

14. Т.Әбдіковтің «Қонақтар» әңгімесіндегі оқиғаның шиеленісуі

- A) Қаладағы баласының ауылға келуі.
- B) Ерғабылдың малын іздеуі, ішкі ойы.
- C) Әке мен Сапабек әңгімесінің жараспауы.
- D) Соңғы үміті орындалмаған қария.

15. Т.Молдағалиевтың «Бауырлар» өлеңіндегі көтерілген мәселе

- A) ақынның өнерін ұрпаққа дәріптеу
- B) қандастарымызды атамекенге тарту
- C) туған жердің тамаша табиғаты
- D) ұрпағының болашағына алаңдау

16. *Тату болса, ағайын жақын,*

Ақылшы болса, апайың жақын.

Бауырмал болса, інің жақын,

Инабатты болса, келінің жақын. Қазыбек бидің «Кім жақын? Не қымбат? Не қиын?» шешендік сөзінде қолданған троптың түрі

- A) гипербола
- B) анафора
- C) эпифора
- D) градация

17. «Сүйінбай мен Қатағанның» айтысындағы Сүйінбай ақынның адамгершілік бейнесі

- A) достықты ардақтап, ұлттық бірлікті дәріптеуші
- B) ел арасындағы өсек-аяңды тоқтатушы
- C) қырғыз, қазақтың батырларын салыстырушы
- D) ел ағаларының атақ-абыройын жырлаушы

18. А.Құнанбаевтың «Болыс болдым, мінеки» өлеңіндегі болыс бейнесі

- A) адал, мейірімді
- B) екіжүзді, жемқор
- C) жанашыр, қамқор
- D) көрсеқызар, күншіл

19. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жастарға» өлеңінің идеясы
- A) Жастарды адалдықты сүйеге, өнерді, ғылымды игеруге шақырады.
 - B) Жастарды Отанын қорғауға, жігерлі, қайратты болуға шақырады.
 - C) Өмір құбылыстарын және заман өзгерістерін кестелеп суреттейді.
 - D) Жастарды ұлттық құндылықты, салт-дәстүрді сақтауға шақырады.

20. «Шұғаның белгісі» обашығының бұрынғы атауы

- A) «Жылы өткел сайы»
- B) «Тарғыл өгіз сойған»
- C) «Қамысақты»
- D) «Есімбек аулы»

21. «Бақытсыз Жамал» романындағы оқиғалардың дұрыс реті

- 1. Жамал мен Ғалидың таныстығы
- 2. Екі жастың бас қосуы, Ғалидың өлімі
- 3. Жамалдың Жұманнан көрген қорлығы
- 4. Сағынып көрген баланың дүниеге келуі
- 5. Жамалдың көзі ашық, өнерлі болып өсуі
- 6. Байжан мен Сәрсенбайдың құдалығы

- A) 2,3,1,5,6,4
- B) 4,5,6,1,2,3
- C) 4,5,3,1,6,2
- D) 6,5,4,2,1,3

22. Қазіргі заман талабына сәйкес білім-ғылымды тез үйренудің жолы жайлы айтылатын Абайдың қара сөзі

- A) отыз екінші
- B) он тоғызыншы
- C) он жетінші
- D) отыз бірінші

23. М.Әуезовтің «Абай жолы» романында: «...*Сол үшін де өз өмірімде, өле-өлгенше асыл сөзіңді сақтармын, ата тәрбиеңді ақтармын, ағажан!*» – деп, Абай еккен ізгілік дәні жалғасын табатынын аңғартқан кейіпкер

- A) Ербол
- B) Дәркембай
- C) Оспан
- D) Дәрмен

24. «Шақан-Шері» романының сюжетіндегі жыртқыштың адамға шабуылдауының сыры

- A) Адам мен табиғат арасында тепе-теңдіктің бұзылуы салдарынан
- B) Адам жегіш жолбарыстың ауыл адамдарына кезігуі салдарынан
- C) Адамдардың жолбарыс шөнжіктерін қырып-жоюларынан
- D) Жолбарыс пен оның шөнжіктерінің аш болуы салдарынан

25. Қ.Қайсеновтің «Жау тылындағы бала» шығармасында сатқын, фашистердің тыңшысы

- A) Иван Гаман
- B) Тамара Чуляк
- C) Иван Дементьевич
- D) Абраменко

Нұсқау: Сізге контекст негізіндегі ұсынылған төрт жауаптан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары беріледі.

Құрмаш қанша тәрбиелесе де, Көксерек ұрлық пен адал астың айырмасы не екенін ұға алмады. Біресе өздері беріп тұрып: "же" дейді. Біресе сондай тамақты өзі тауып алып жеп жатса, ұрып салады. Сол себепті кей кездері алдына дайындап қойған тамақты да жемей, көзінің астымен жалт-жалт қарап жатушы еді. Қалай да болса үзіп-жұла жүріп, Көксерек аш болмайтын. Күніне екі мезгіл тамақ ішу мұның шарты болып алды. Екі рет қолдан ас құйылмаса, ол күні Көксерек өз бетімен барып бірдемені жеп жататын.

Осымен жүріп жаз ортасы ауған кезде Көксерек зінгіттей көк шолақ қасқыр болып шықты. Енді қара ала төбет те талай алмайды. Жота жүні үрпип, көздері жасылданып, бар тістерін көрсетіп, аузын ақситып ашып жіберіп, тап бергенде талай бұралқы төбет, быжыл қаншық қаңсылай, шәуілдей қашатын болды. Мынадай кезде Құрмаштың өзі де қорқақтай барып, қой-қойлайтын еді. Жетілмей келе жатқан тісі ғана. Көксерек арлан еді. Сондықтан бұның бойы биіктене берді. Әлі тұрқы шығып ұзарған жоқ. Барлық жүні қара көк, жотасы күдірейіп, ауыз омыртқа мен құйрығына шейін түп-тұтас болып, күлдіреуіштей бүгіледі. Атылып келе жатқан садақ оғындай үңілген, сүйірленген бір бітімі бар. Өзі ешкімге ізденіп соқтықпайды. Ит баласына заты қастай жібімейді. Әлі күнге бір рет жадырап ойнап көрген емес. Татулық жоқ, суық. Жалғыз-ақ атын біледі. Құрмаш пен әжесі шақырса, келеді. Онда да жүгіріп келмей, құйрығын сөлектетіп, бүкеңдеп қана келеді. Бұны да ашыққан уақытында істейді. Әйтпесе, көбінесе анадай жерде қырыстанып, көзінің астымен жалт-жұлт қарап жатып алады. Барып түрткілеп, орнынан тұрғызып жіберген соң ғана үйге жүреді. Өскен сайын сызданып, суықтанып келеді. Сол мінезін байқаған үлкендер: «Енді бұны өлтіріп, терісін алу керек осы кәпір түбінде ел болмайды», – дейтін де болып еді. Бірақ Құрмаш көнбеді.

М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесінен үзінді

26. Көксеректің ауыл иттерінен ерекшелігі

- A) екі рет ас ішеді
- B) ешкімге өзі соқтықпайды
- C) жотасы түп-тұтас күдірейген
- D) жалғыз-ақ атын біледі

27. Құрмаштың Көксерекке деген сезімі

- A) шарасыздық таныту
- B) шыдамсыздық таныту
- C) мейірімділік таныту
- D) дәрменсіздік таныту

28. Көксеректің ауыл иттерімен қастығының түп себебі

- A) Өзі ешкімге ізденіп соқтықпайтындықтан
- B) Тегі бөтен, табиғаты бөлек болғандығынан
- C) Итке қарағанда күшті, мықты болғандықтан
- D) Жота жүні үрпиіп, тез жетілгендіктен

29. Үзіндінің басында айтылатын Көксеректің тағы бір қыры

- A) қайтпас қайсарлығы
- B) қабағын ашпайтындығы
- C) адал асты айырмауы
- D) үлкен арландығы

30. Мәтіндегі үлкендердің пікірімен сәйкес келетін даналық ой

- A) Бөрі баласын асырағанмен ит болмас.
- B) Бөрі азығы мен ер азығы жолда.
- C) Қасқыр тойғанына емес, қырғанына мәз.
- D) Қасқыр да қастық қылмас жолдасына.

Нұсқау: Сізге сәйкестікті анықтауға арналған тапсырмалар беріледі.

31. Р. Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» шығармасындағы кейіпкерлерді сөздерімен сәйкестендіріңіз.

А)	Құмар	–Тойға келіп едік.Сені көріп қуанып кеттім.
		–Таныдым, неге танымауым керек? Бақыттысың.
		–Қарағым Ләйлә, сенің де көрген қасіретің аз емес.
		–Жүр, Қарауылда той бар. Соған барайық.
В)	Қатира	–Тойға келіп едік.Сені көріп қуанып кеттім.
		–Таныдым, неге танымауым керек? Бақыттысың.
		–Қарағым Ләйлә, сенің де көрген қасіретің аз емес.
		–Жүр, Қарауылда той бар. Соған барайық.

32. Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» повесіндегі кейіпкерлер сөзін сөз иелерімен сәйкестендіріңіз.

А)	– «Сен немене, аталарыңа сәлем беруді ұмытқанбысың?»- деп сыбырлады.	әкесі
		қонақтар
		көкесі
		әжесі
В)	–«Ал, кәне, балапаным? Қанаттанып қашан ұшасың?..» деп қояды.	әкесі
		қонақтар
		көкесі
		әжесі

33. М. Қабанбайдың "Бауыр" әңгімесінің сюжеттік элементтерін оқиғалармен сәйкестендіріңіз

А)	Оқиғаның шешімі	Манаптың «Волгаға» отырып, вокзалға баруы
		Манаптың Омбыдағы балалар үйіне келуі
		Қалидың кенет жаттығуға асығуы
		Қалидың ағасымен тіл табыса алмауы
В)	Оқиғаның басталуы	Манаптың «Волгаға» отырып, вокзалға баруы
		Манаптың Омбыдағы балалар үйіне келуі
		Қалидың кенет жаттығуға асығуы
		Қалидың ағасымен тіл табыса алмауы

34. Ж.Сахиевтің «Дабыл» әңгімесіндегі кейіпкерлерді олардың іс-әрекетімен сәйкестендіріңіз.

А)	Жасаған	Аспан адамдарымен Талас жазуы арқылы сөйлеседі.
		Талас жазуы негізінде төл алфавитті жасап шығарды.
		Өзеннен аттап өте алатын көлікті басқарады
		Қазақ расытханасына басшылық етеді
В)	Төлен	Аспан адамдарымен Талас жазуы арқылы сөйлеседі.
		Талас жазуы негізінде төл алфавитті жасап шығарды.
		Өзеннен аттап өте алатын көлікті басқарады
		Қазақ расытханасына басшылық етеді

35. Д. Исабековтің «Әпке» драмасындағы кейіпкерлерді бақыт туралы ой-пікірлерімен сәйкестендіріңіз.

А)	Камила	жаман ой ойламау
		жеңіске апарар күрес
		өз бетімен өмір сүру
		жалған сөйлему
В)	Омар	жаман ой ойламау
		жеңіске апарар күрес
		өз бетімен өмір сүру
		жалған сөйлему

Нұсқау: Сізге бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар беріледі.

36. Абай Құнанбайұлының поэмаларының ішінен гуманистік ой-пікірін терең танытатын, белгілі тарихи тұлғаға арналған поэмасы (поэмалары)

- A) «Еңлік-Кебек»
- B) «Тотынама»
- C) «Мың бір түн»
- D) «Масғұт»
- E) «Қалқаман-Мамыр»
- F) «Ескендір»

37. «Ұшқан ұя» повесінде Бауыржанның ерекше жылы сезіммен еске алатын әпкесі (әпкелері)

- A) Әлиман
- B) Қалампыр
- C) Жамал
- D) Үбиан
- E) Қызтумас
- F) Рәзия

38. Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романынан алынған кейіпкер

...таңқы мұрын, бадырақ көз, шұнақ құлақтау, жарқабақтау, кірпі шаш, қырыс маңдай, қара сұр жігіт...

- A) Іскендір
- B) Балташ
- C) Офицер
- D) Қара мұрт
- E) Төлеген
- F) Мұқаш

39. С.Сарғасқаевтың «Тәмпіш қара» повесіндегі Ертай Шаншатаймен ең алғаш кездескен кезге сәйкес нұсқа(-лар)

- A) Су басында Иманбек екеуінің арасында шатақ басталады.
- B) «Октябрь балалары» газетін жабыла оқуға құмар болады.
- C) Жағадағы киімдерін таппай, әбден жыларманға кеп, қарғыс жаудырады.
- D) Газетпен бірге «Октябрь балаларынан» хат та келген екен.
- E) «Қызыл», «ақ» болып ойнап, Амангелді, Чапай болуға тырысады.
- F) Иманбекті ұшырып түсірген тәмпіш мұрын бейтаныс қара бала.

40. А.Сүлейменовтің «Бесатар» повесінде қазақтарға тұтқын болған қазақ тіліне жетік кейіпкер(-лер)

- А) Софронов
- В) Голоножкин
- С) Фольбаум
- Д) Шура
- Е) Крейгель
- Ғ) Иноземцев

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНЕН СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ